ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



***№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020***
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

# XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ

**Күлдібаев Е.Қ.[1], Саркулова С.Д.[2]**

[1]Т.ғ.к., Т.Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА
[2]PhD. ҚазҰҚПУ. Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақала XX ғасырдың 30-жылдарындағы Кеңес үкіметінің өнер саласына жүргізген қуғын-сүргін науқанына арналған. Архив құжаттар мен газет материалдарына сүйене, Д. Әділов, М. Әуезов, Т. Жүргенов, Ж. Шанин және тағы басқа қайраткерлердің қазақ өнерін қалыптастырып, дамытуына қосқан үлесін, қызметтерін саралай отырып, олардың жалған айыптармен тұтқындалып, «ұлтшыл-фашист», «халық жауы» ретінде айыпталу барысы айқындалады. Қазақ академиялық театры, облыстық театрлардағы Шара Жандарбекова, Құрманбек Жандарбеков, О. Беков сияқты өнер азаматтарының ұлтшыл бай тап өкілдерінің тұқымы ретінде баспасөз бетінде әшкереленгендігі нақтыланады. Сонымен қатар халық жауы мен алашордашыл-ұлтшыл атанған драматургтардың қойылымдарының сахнадан алынып тасталынуының мәнісі талдана беріледі. Қуғын-сүргін нәубетінің мәдениет, өнер саласына тигізген зияндылығы мен қуғындалғандардың тағдыры зерделенеді.
**Түйін сөздер:** қайраткер, қылмыс, Кеңес үкіметі, қуғын-сүргін, өнер саласы, халық жауы, саяси құрбан

# ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА

**Кулдибаев Е.К.[1], Саркулова С.Д.[2]**

[1]Кандидат исторических наук. Казахская национальнаяакадемияискусствимениТ.К.Жургенова.г. Алматы, Казахстан.
E-mail: esaga_79@mail.ru
[2]PhD доктор. Казахский государственный женский педагогический университет.г. Алматы, Казахстан.
E-mail: sarkulova_84@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена репрессированным деятелям искусства 30-х годов XX века. На основе архивных документов и газетных материалов проанализированы вклад в развитие казахского искусства Д. Адилова, М. Ауезова, Т. Жургенова, Ж. Шанина и др., которые были арестованы по ложным обвинениям «враг народа», «национал-фашист». Кроме того, были запрещены сценические постановки драматургов, причисленных к врагам народа и алашординцам-националистам. В работе автор оценивает ущерб от репрессий, нанесенный сфере искусства и культуры, а также исследует судьбы репрессированных.
**Ключевые слова:** советское правительство, репрессии, искусство, враг народа, политическая жертва, преступление, деятель.

# THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S

**Kuldybaev E.[1], Sarkulova S.[2]**

[1]Candidate of Historical Sciences, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Almaty, Kazakhstan.
E-mail: esaga_79@mail.ru
[2]PhD, Kazakh State Women`s Teacher Training University. Almaty, Kazakhstan.
E-mail: sarkulova_84@mail.ru

**Abstract**. *Introduction.* The article is devoted to repressed artists of the 1930s. On the basis of archival documents and newspaper materials, it analyzes the contribution to the development of Kazakh art by D. Adilov, M. Auezov, T. Zhurgenov, J. Shanin, and others, who were arrested on false accusations «enemy of the people» and «national fascist». The stage performances of playwrights authored by these persons listed as the enemies of the people and the Alashordins nationalists were forbidden. The author considers the damage of repressions inflicted on the field of art and culture, and also explores the fate of the repressed perosns.
**Keywords:** Soviet government, repression, art, enemy of the people, political victim, crime, activist.

## Кіріспе

Отан тарихының өркениетті көзқарас шеңберімен зерделейтін өзекті мәселелері қазіргі таңда жеткілікті деп айтсақ қателеспейміз. Кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіптің ұлт санасына салған жараларының орны әлі де толықтай зерделеніп кете қойған жоқ. Одан арылу үшін уақыт ғана емес, уақыт ағынымен бірге ұлтшылдық келбетті де қалыптастырып үлгеруіміз қажет. Осы мақсатта өткен тарихымыздың өзекті мәселелерін ақылмен пайымдауға да күш саламыз. Соның біріХХ ғасырдың 30-жылдары болған кеңестік қуғын-сүргін зардаптары. Бұл нәубетке өнер саласында қызмет етіп жүргенұйымдастырушы басшылар,драматургтер, актерлер, музыканттар да іліккен. Бұлардың арасында Д. Әділов, М. Әуезов, Т. Жүргенов, Ж. Шанин және т.б. ел арасына танымал болған драматург, өнер қайраткерлері бар. Кеңестік жүйе табиғи таланттарымен театр өнерінде халық көңілінен шығатындай шығармалар ұсынған драматургтардың, сол қойылымдарды үлкен деңгейде шеберлікпен ойнап беріп, көрерменнің ықыласына бөленген актерлардың ісінен үкіметке жат әрекеттер іздеп, қолдан түрлі кемшіліктер жасап, сынға ұшыратып, ақыры бірін 30-жылдың басында, екіншілерін сол жылдың аяғында қуғындады.

## Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланың методологиялық негізін айқындауда, қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, модельдеу мен типтендіру сияқты жалпы ғылыми, философиялық, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Тәуелсіздіктен кейін жарыққа шыққан Алаштанушы ғалымдардың жинақтары мен еңбектерін пайдалана отырып, тарихи-құрылымдық тұжырымдамалық талдау әдісі де пайдаланылды. Сонымен қатар өнер саласындағы тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығын талдау мен бағалауда субъективтік тұжырымдар мен пікірлерге жол берілді. Отандық тұлғатанудың қазіргі заманғы методологиялық әдістәсілдерін қолдана отырып олардың қызметі мен тарихтағы алар орнын бағалаудың өлшемдерінің қалыптасуы тарих мазмұнын жаңалауда объективті тұжырымдар жасалды.

**Талдау**

Қазақтың зиялы қауым өкілдері сол қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын соңдарына ілестіре білді. Қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді ояту мақсатында, халықтың көзін ашу жолында аянбай күресті. ХХ ғасыр басында жаппай бастау алған қазақ қоғамында саяси күреске шыққан ұлт зиялыларының әрбір қадамы патша үкіметі тарапынан бақылауға алынып, үкімет саясатына қарсы шыққандар қуғындалып, алдына айыппұл салынса, «аса қауіпті» атанғандардар ұзақ мерзімге басқа өнірге жер аударылды немесе абақтыға қамалды. Ұлтымыздың алдыңғы қатарлы зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев және т.б. патша үкіметінің жүргізіп отырған отарлау, қоныстандыру, орыстандыру саясатына қарсы шығып, мерзімді баспасөзге мақалалар жариялап, патша атына үндеухат ұйымдастырғаны үшін түрлі жазаларға тартылды. Сол себепті де 30 жылдары қазақ өнерінің қаймақтары Д. Әділов, М. Әуезов, Т. Жүргенов, Ж. Шанин бастаған көптеген тұлғалардың шығармаларын жаппай тексеріп, кемшілік табуға тырысып, қамауға алынуларына себеп іздей бастады.

ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ зиялылары, оларды жазалау мен қаралаудың жаңа қарқынымен басталған саяси-қуғын сүргін тақырыбы қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін жаңа қарқынмен зерттеле бастады. Атап айтсақ, Академик М.Қ. Қозыбаевтың қазақ ұлт-азаттық қозғалысы мен қазақ интеллигенциясы тарихына байланысты жарық көрген еңбегі, М.С. Бурабаевтың 1991 жылы шыққан «Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг.» атты зерттеулері ХХ ғасыр басындағы зиялылардың қоғамдық саяси көзқарастарын зерттеген алғашқы жазылған еңбек болып табылады. Ғалым К. Нүрпейістің «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегі Алаш зиялыларының рөлін объективті бағалайтын әрі ғылымилығы жағынан құнды болса, М. Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» монографиясында, Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағында (Қойгелдиев.2007: 151) қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін ашып көрсетті. Сонымен қатар өнер қайраткерлерінің тағдыры мен қуғындалуын қазақстандық әдебиетші ғалымдар да зерттеген. (Мамраев, 1998:262), (Кошенова,1996:96), (Мусин,2000:254). Бұл зерттеулерде қазақ зиялалырын репрессиялау кезеңіндегі қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуы, тұлғалар мен олардың негізгі еңбектеріне талдау жасап, сол уақыттағы рухани өмірдің келбеті сипатталды. Әдебиет пен өнер саласының майталмандары жайлы естеліктер мен деректер жарияланды. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (ХХ ғ. 20-30 жж.). атты монографияда (Смағұлова, 2011:325) қазақ театрындағы қатаң тексерулер мен қудалаулар жайлы жан-жақты айтылады.

Қуғын-сүргін тақырыбында жазылған еңбектер қатарында жекелеген тұлғалар жайлы зерттеулер бір төбе. Атап айтсақ Жұмат Шанин (Кәрімхан З.// https://e-history.kz/kz/publications/view/1335), (Сағымбеков Р. 1992:36-37). Шара Жиенқұлова (Құмарова. 2018), Темірбек Жүргенов (Оразбақов, Ибраев, Енсепов, 2014:151-153). Аталған еңбектерде қазақ жұрты ғана емес түркі әлеміне танымал болған тұлғалардың өмір тарихын, қоғамдық-саяси өмірмен тұтастыра отырып қарастырады.

Қазақтың азаматтарын қуғындау үдерісі 1937 ж. жаз айында үдеген. Бұл әсіресе Қазақстан К(б)П-ның І-съезінің шешімінен кейін жандана түсті. Ленин идеясын қарсы ұлтшылдармен аяусыз күрес жүргізуге шақырған осы съезд ұлт азаматтарын бір-біріне қарсы қойды. Нәтижесінде бірін-бірі қаралаған домалақ арыздардың қатары көбейді. Баспасөз беттеріне жариялаған мақалалардың басымы осы сарында болды.

Сол «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Ауыл коммунисі» және тағы басқа газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалар барлық саладағы азаматтардың «халық жауы» деп қуғындалуына себепші болды. Мәселен, «Социалистік

Қазақстан» газетіне жарияланған «Қалдықтардың бет пердесі ашылсын» атты домалақ хат өнер саласындағы азаматтарды қаралады. Биші, Қазақстанның халық әртісі Шара Жандарбекова-Жиенқұлованың шыққан тегі бай тұқымынан екендігі келтірілген бұл мақалада: «Колхозшының қызы» болып, ата-тегін жасырып, Жандарбековтың атымен, ұлтшыл-фашист, халық жауы Жүргенов, Тоғжанов, театрдың директоры болып келген Қадырбаевтың қолтықтауларымен Кремльге еніп, ұлы данышпан, халық көсемі Лениннің шәкірті – Сталиннің қолын ұстап, «Еңбек орденін» алған жоқ па? Алды. Шара Алматының алдыңғы қатардағы бай, 1928 ж. конфескеленіп кеткен Байбұлан Жиенқұловтың қызы..., Жандарбеков Құрманбек 15 жыл болыстық управитель болғанның баласы... көпшілік болып Жүргеновтің қалдықтарын бет-ажарына қарамай аластатуымыз керек» делінді (Дегитаева, 1998: 69-70).

Өнер саласындағы қайраткерлердің тағдыры мен қоғамдық қызметтері, қазақ сахнасының майталмандары мен театр жұмысы жайлы мағлұматтар мен құжаттар негізінен Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақтаулы (ҚР ПА).

**Нәтижесі**

XX ғасырдың 30-шы жылдарының басында театрда қойылатын қойылымдардың мазмұнына аса мән беріліп, кеңестік қоғамға жат, ұлтшылдық сарын басым шығармаларды айқындау, әшкерелеу мәселесі қойылып, осының нәтижесінде қазақ жазушыларының драматургия саласындағы барлық еңбектері тексерістен, сыннан өте бастады. Театр сахнасында «зиянды» деп танылған туындылар баспасөз беттері арқылы әшкереленді. Солардың арасында сынға ұшыраған қойылымның бірі – Мұхтар Әуезовтың «Хан Кене» пьесасы болатын. Бұдан кейін оның «Тартысының» да мазмұны тексеріліп, сынға ұшырады. М. Қаратайұлының «Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер» деп аталған мақаласында бұл пьесаның саяси шығарма екендігін, оның құрылымы оқу орындарының бірі – Қазақ институтында болған оқиға желісіне арналғанын айта келе, пьесаны Ілиястың «Түрксібімен» қатар қойып салыстырады. Пьесада ұлтшылдар мен коммунистер арасындағы тартыстың ақиқаты ашылғандығын, бірақ ұлтшылдарда кеңес жастарын мысқылдау, кекету сияқты тұстарының көптеп кездесетіндігін келтіреді (Смағұлова, 2011:325).

Мұхтардың шығармашылығынан ескінің сарынын іздеу одан кейін де жалғасты. 1933 жылы 11 қыркүйекте құпия түрде ОГПУ-дың өкілетті өкілінің Қазақ өлкелік комитетіне жіберген мәлімдемелік жазбасында Мұхтар Әуезовты Алашорданың көсемдерінің бірі санап, оның 17 мамырда қойылған «Еңілік-Кебегін» қазақ байларын, батырларын дәріптеуге арналған пьесаға жатқызды (Қойгелдиев.2007: 151)

Ұлттық театрды ұйымдастыруға белсене араласқан қоғам және мәдениет қайраткері Дінмұхамед (Дінше) Әділов 1930 жылғы қуғын-сүргіннің алғашқы құрбаны. Ол бар-жоғы отыз жыл ғана өмір сүрсе де, қазақ қоғамына, оның ішінде мәдениетін саласын көтеруге ерекше үлес қосты. Қазақ театрын ұйымдастырушылардың бірі болды.

Д. Әділов 20-шы жылдары Қазақ Республикасы Ағарту халкоматында ірі қызметтерді атқарып жүріп, ұлт театрын құруды ұйымдастырудың нақты шараларын жүзеге асырып, театрдың тұңғыш әкімшілік әрі көркемдік басшысы болды. Оның іскерлігінің арқасында театр аяғынан тік тұрды. Қазақ жастарының труппасы жасақталып, актерлердің біліктілігін шыңдауға қайраткер бар үшін салды. Дегенмен құрығы ұзын үкімет оның қызметінен де ілік тауып, «халық жауы» атандырды.

1928 жылы БК(б)П-ның кезекті пленумында И.В. Сталиннің тап жауларын, ұлтшылдарды әшкерелеу туралы міндет қоюы «ұлтшыл-уклонистерді» табу науқанын бастап берген болатын. Осының нәтижесінде 44 ұлт зиялысы қамауға алынды. Дінше 17 желтоқсанында бұрыңғы Алашорда үкіметінің белді мүшесі, Кеңес өкіметінің ірі байларды тәркілеу науқанын өткізуіне

қарсылық көрсетті деген желеумен қамауға алынды. Жалпы алашордашыл ретінде Д. Әділовтың әрбір қадамы үкімет орындарына хабарланып отырған. ОГПУ-дың өкілетті өкілінің РК(б)П Қазақ облыстық комитетіне 1923 жылы 1 ақпанда алашордашылар мен қазақ ұлтшыл топтарының қызметі жөнінде оның Ақмоладағы уездік съезге Түркістан республикасының атынан келгендігін көрсетеді (ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 550-іс. 19-п.).

Келесі бір құжатта оның «Бірлік» ұйымына мүше болуы мен оның жұмысына қатысуы, алашордашылармен байланысы айтылады (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 2406-іс. 46-54-пп). Сонымен қатар Ә. Байділдин ОГПУ-ға берген тергеу жауабында Зәки Уәлидимен кездесуге Діншенің барғандығын, 1920-1921 жылдары Ташкентте Қожанов, Болғанбаевтармен қызмет еткендігі жөнінде айтқан. Ол Д. Әділовтің қызу қанды, шапшаң адам ретінде көрсетеді (Қойгелдиев, 2007: 67-68).

Д. Әділов «Алаш ісі» бойынша ату жазасына кесіліп, 1930 жылы 21 сәуірде Мәскеуде атылып, Ваганька зиратына құпия жерленген. Араға жарты ғасыр салып барып, 1988 жылғы 4 қарашада ғана ақталды (Нұрпейіс, 2014:61).

Театр өнерін қалыптастыруда ерен үлес қосқан қайраткер Жұмат Шанин де қуғындалды. Жалпы, ол қазақ режиссура өнерін кәсіби бағытта дамытып, актерлердің шеберлік деңгейін шыңдауда бар күшін салған білікті басшы, ұйымдастырушы, талантты драматург. Оның «Арқалық батыр» трагедиясы театр сахнасында 1926 жылдан 1936 жылға дейін 266 рет көрсетілген екен. Ж. Шаниннің осы Арқалығының жетістіктері жайында Б. Нұрпейіс былай деп жазған: «Бұл – қазақ театр тарихындағы үлкен феномен. Көптеген пьесалардың сахналық ғұмыры бір маусымға жетпей репертуардан түсіп қалып жатқан кезде «Арқалық батырдың» он жыл бойы үздіксіз жүру – Ж.Шаниннің режиссерлік ойынын тереңдігін көрсететін құбылыс. Спектакль театр өнерінің халықтың ой-санасына сілкініс жасай алатын қуатты күшін танытты» (Нұрпейіс, 2014:80-81).

ХХ ғасырдың 30 жылдары ұлт зиялылары қуғындала бастаған кезде алашордашылардың шашбауын көтергендердің арасында Жұмат Шаниннің де аты аталды. Мәселен, БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне Қазақ пролетар жұмысшы жазушыларының қауымдастығының төрағасының «Театр туралы» анықтамасында театрдағы өрескел қателіктерге, алашордашылардың әрекеттеріне (Иса Байзақов пен Әміре Қашаубаевты) композитор Ковалев екеуі көз жұма қарайтындығы келтірілді (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 3840-іс. 197-199-пп).

1933 жылы Жұмат Шаниннің «Арқалық» пьесасының мазмұны ОГПУ тарапынан тексеріліп, реакциялық қойылым ретінде бағаланды. Осы театрдағы артистердің де өткен өмірлері жіті тексерістен өтті. Мәселен, Қанабек Бәйсейітовке «бұрын аудандық милиция қызметінде болғанда, басшылық қызметін асыра пайдаланды деген» деген айып тағылды (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 5817-іс. 17-п).

Бұл кездерде ол Қырғызстанның драма театрының бас режиссері болып, туысқан халықтың ұлттық театрының қатарға қосылуы жолында қызмет етіп жатқан болатын. 1934 жылы Жұмат қайтадан Алматыға шақыртылып, музыкалы театрды (қазіргі Қазақтың Абай атындағы опера және балет театры) ұйымдастыруға қатыстырылады. Осы жаңа театрда Жұматтың режиссурасы бойынша «Жалбыр», «Қыз Жібек» спектакльдері қойылады. Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Мәскеуде өткізілген онкүндігі кезінде оның сахналық шығармашылық өнерін Мәскеу көрермендері тарапынан мейлінше жоғары бағаланды (Сағымбеков Р. 1992:36-37).

1936 жылы Мәскеуден оралғаннан кейін Ж. Шанин тағы бір жылдай Бішкекте тұрады. Бішкектен Оралға қоныс аударып, қызмет етіп жүргенде ұсталып, Алматыдағы қазіргі ҰҚК-нің жертөлесіндегі абақтыға жабылған. 1938 жылдың 26 ақпанында не-бары 46 жасында «халық жауы» деген жаламен атылды. Бірақ, араға біраз жыл салып, 1958 жылы ақталды(Кәрімхан З.// https://e-history.kz/kz/publications/view/1335).

Мәдениет, өнер салаларын дамытуға үлес қосқан қайраткердің бірі – Темірбек Жүргенов те 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталды. Ол негізінде 1933-1937 жылдар аралығында Қазақстанның халық ағарту комиссары қызметін атқарып, қазақ өнері мен мәдениетін көтеруге барлық ықыласты бөліп, театр, музыка саласына қазақ жастарын тартқан еді. Ұлт театрында қазақ мамандары яғни режиссерлер мен актерлерді, суретшілерді, музыканттардың қызмет еткендігін қалады және соны даярлауға мол еңбек сіңіріп, қазақ жастарын Мәскеудің театрлық жоғары оқу орындары мен студияларға жіберуге мұрындық болды.

Темірбек Жүргенов 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының І-ші слетін, 1936 ж. Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі. 1934 жылғы слеттің ашылуында Б. Майлиннің «Шұға» пьесасы қойылып, онда Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Күләш Бәйсейітова, Қанабек Байсейітов және тағы басқа қазақ өнерпаздары ойнаған болатын. Аты аталған өнерпаздарға сол жылы республиканың еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ берілді.

1936 жылы мамырында Мәскеуге барған қазақ өнерпаздары Үлкен театр сахнасында қазақ көркемөнері мен әдебиетінің онкүндігі ең бірінші рет Ғабит Мүсіреповтың «Қыз Жібегімен» ашылды. «Қыз Жібек» рөліндегі Күләштің, Төлеген рөліндегі Қанабектің, Бекежан рөліндегі Құрманбектің, Шеге рөліндегі Манарбектің, Базарбай рөліндегі Қалыбектің рөльді орындау шеберліктері ерекше көзге түсті. «Қыз Жібектен» кейін қазақ театрының коллективі Бейімбет Майлиннің музыкалы «Жалбыр» пьесасын керсетті. Қазақ көркеменерінің көрнекті қайраткерлерінің бірі – Ахмет Жұбановтың басқаруындағы жаңадан ұйымдасқан халық музыка аспаптар оркестрі қазақтың бірнеше көңілді күйлерін сәнді сазымен орындап, тыңдаушыларды тамаша сүйсіндірді. Сөйтіп, қазақтың жаңа өсіп келе жатқан көркемөнерінің аз уақыт ішінде қол жеткен творчестволық табыстарын Москва халқы аса жоғары бағалады. Осы он күндікте өздерінің өте шебер орындаушылығымен ерекше көзге түскен бірсыпыра көркемөнер қайраткерлері ордендармен, медальдармен марапатталды. Олардың ішінде Қалыбек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітов бар еді (Майшекин .1959:5-6,8).

«Лениншіл жас» газетінде театрдың ішіне кіріп кеткен халық жауларының бірі ретінде Т. Жүргенов та аталды. «Қазақ көркем өнерінің басшылық жұмысына кіріп кеткен халық жаулары Жүргенов, Тоғжанов, Қадырбаевтардың зұлымдық істерінің сыры әшкереленіп отыр. Олар ұлт мәдениетінің, көркем өнерінің қарыштап ілгері басуына кедергі болды. Көркемөнер ісін шатастырып, теріс бағытқа салды, өшіруді көздеді. Бұл ойларын іске асыру үшін театрлар маңына бұзылған жат элементтерді жинады, жақсы артистерді өсірмеуге тырысып, қудалап отырды», - деген жала оның халық жауы ретінде айыпталуына септігін тигізді (Лениншіл жас, 1937: №117).

Өкініштісі сол, өнер жолын көркейтуге жұмылдырған Темірбек Жүргеновтей қайраткер «халық жауы» деген жалған айыппен кеңес үкіметі тарапынан 3 тамызда ұсталды. Тергеу хаттамасында жазылғандай, оған революцияға қарсы ұлтшыл ұйымға мүше болды деген айып тағылды. НКВД қызметкерлері мойындатпақ болып қанша тырысса да ол бұл айыпты мойындамады (Оразбақов, Ибраев, Енсепов., 2014:151).

1929 жылы шілдеде ОГПУ-дың Шығыс бөлімінің өкілетті өкілі Ә. Байділдиннің Алашордаға қызметіне қатысты тергеуге алған кезде Т. Жүргеновтың V-ші конференцияға қатысқан С. Сәдуақасов, Ы. Мұстамбаев, Кадаленко бірге болғандығы айтылады (Қойгелдиев.2007: 74).

Т. Жүргенов халық жауы ретінде ұсталғаннан кейін 1937 жылдың қыркүйегіне дейін кітапханалардағы оның ондаған кітабы қолданыстан алдырылды. Бұлардың арасында «Слет ударников учителей», «Қазақстандағы мәдени революция», «Өзбекстандағы мектептер», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою туралы», «Қазақ педагогикалық оқу орындары» және тағы

басқа еңбектері бар (ҚР ПМ. 708-қ., 1-т., 604-іс. 102-104-пп).

Түркістан-Сібір теміржол троцкисшілдер мен шпиондық диверсиондық ұйымның әшкереленгендігі жайында ҚП(б)К Орталық комитетіне келген мәліметте бұл ұйымның 1935 жылы құрылғандығы, оның құрамына қазақ оқытушылары болғандығы келтіріледі. Мәлімет бойынша ұйым ұлтшыл-фашист Темірбек Жүргенов және Сәкен Сейфуллинмен тығыз байланыста болған (Қойгелдиев, 2007: 252-253).

Міне, осындай қолдан жасалынған жалған айыптар қайраткердің тағдырын шешіп берді. 1938 жылы 25 ақпанда Темірбек Жүргенов РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10,11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. 1957 жылы 18 сәуірде КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен тағылған айыптың жалғандығы расталып, ақталды (Оразбақов, Ибраев, Енсепов., 2014:151-153).

Өнер саласын қалыптастыруда, дамытуда іскерлігімен, талантымен есепсіз үлес қосқан қайраткерлердің соңынан «оларға қолдау көрсетті» деген желеумен театр артистеріне де қысым жасалынды. Негізінде 1936 жылы 5 тамызда БК(бП) қазақ өлкелік комитетінің бюросында БК(б)П Орталық комитетінің жауапты қызметке кіріп алып, іріткі салушы «халық жауларын» анықтау жөнінде 29 шілдедегі жабық хаты талқыланып, соның негізінде облыстық, аудандық, қалалық комитеттерге хаттың маңызын түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелінді және партия қатарындағы өзін «белсенді және партияға адал берілген мүше» ретінде көрсетіп жүрген тап жауларын әшкерелеу де жүктелінді (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 10592-іс. 430-п).

1937 жылдың 9 маусымында болған ҚК(б)П-ның І-съезінде зиянкестермен күрес жүргізу мәселесінде О. Исаев бұл жайында былай деген болатын: «…жұмыстың ең үлкені зиянкестерді көре білу. Бұл жөнінде, әрине, көп жұмыс істеуіміз керек. Бұл істерді орындап отыру үшін, кешегі февраль пленумындағы қаулыларды ұмытпауымыз керек. Сталин жолдас айтқан біздегі ең маңызды жұмыс – большевиктік қырағылықты іс жүзіне асырып, соны жақсылап істеуіміз керек.

… Жолдастар, дұшпандар, зиянкестерді құрту үшін, сол зиянкестердің өзін құртуымыз керек. Олар қалай жүріп отырса да, қалай жасырынса да, біз оларды табуымыз керек, жүруіміз керек» (Дегитаева, 1998: 69-70).

1937 жылдың маусымында ҚП(б)К Орталық комитеті Мәскеудегі граммофон-пластинка өнеркәсібі тресіне тез арада шығарылымнан алып тасталынатын қазақ әндері жазылған пластинкалардың тізімі жіберілді. Оның арасында Жүсіпбек Елебековтың орындауындағы «Қанат талды» әні, Құрманғалиевтың «Әмір хан», Әбдімәжит Рузаевтың орындауында «Гуляр» (ұйғыр тілінде), «Шаму-Сахар» (ұйғыр тілінде) әндері бар еді. Бастапқы екі әннің авторы «халық жауы» атанған О. Бековтікі болса, ал ұйғыр тіліндегі әндердің авторы Ә. Рузаевтың өзі болды. Ә. Рузаев «халық жауы» екендігін білгеннен кейін Қытайға қашып кеткен (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 13587-іс. 37-п).

1937 жылдың 25 қазанында «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына «Қалдықтардың бет пердесі ашылсын» атты тілшінің хаты түсті. Онда театр ұжымдары, коммунистері өз араларында кімнің кім екендігін жақсы біліп отырғандығын, өнер саласы арасында бұрынғы тап жауларының балалары еніп кеткендігін айта келе бірнеше адамға тоқталды. Солардың бірі – Шара Жандарбекова. Ол жайында хатта былай келтірілді: «Жандарбекова Шара кім? «Колхозшының қызы» болып, ата тегін жасырып, Жандарбековтің атымен, ұлтшыл-фашист халық жауы Жүргенов, Тоғжанов, театрдың директоры болып келген Қадырбаевтың қолтықтауларымен Кремльге еніп, ұлы данышпан, халық көсемі, Лениннің шәкірті – Сталиннің қолын ұстап, «еңбек орденін» алған жоқ па? Алды», - дей келе, Шараның әкесі Алматының ірі байы, 1928 жылы тәркіленіп кеткен Байбұлан Жиенқұловтың қызы екендігі, ал күйеуі Құрманбек Жандарбеков те 15 болыстық басқарманың баласы, екеуі де тектерін жасырып келгендігін келтірді. Шара мен Құрманбек екеуі өнерлерімен халық арасына жүрсе де, «өз

пайдаларын ойлаған» жандар екендігін театр ұжымы да жасырып қалғандығы сынға алынды.

Бұл хатты «Социалистік Қазақстан» газетінің реакциясы ҚК(б)П-сы ОК-нің саяси-ағарту бөліміне жіберіп, нәтижесі немен тынғанын редакцияға хабарлауды сұрайды (ҚР ПМ. 708-қ., 1-т., 132-іс. 79-82-пп).

Құрманбек Жандарбековтың қандай таптан шыққандығы жөнінде 1936 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндік декадасына қатысқан өнер қайраткерлеріне байланысты баспасөзге жарияланған таныстырылымда шыққан тегін шаруа отбасынан деп көрсеткен болатын. Оның бойындағы таланты, қазақ музыкасы мен әндеріне деген құштарлығы вокальдық қабілеттілігі қазақ халқын тәнті еткен.

Шара Жандарбекованың қазақтан шыққан биші ғана емес, драмалық актриса, әрі балет өнерінің өкілі екендігін мақтанышпен жазған болатын (Құмарова. 2018).

1937 жылы Қазақстан мемлекеттік драма театрына он жыл толды. Осыған байланысты «Қазақ әдебиеті» газетіне «Театрымыз өскен үстіне өсе түсу керек» деген мақала жарияланып, он жыл ішіндегі қиыншылықтар, атқарылған міндеттер баяндалды. Аз жыл болса да, тұрақты көрермендерін жинап алған драма театры енді мемлекеттік академиялық театрға айналғандығын айта келе, осы жылдарда орын алған кемшіліктер мен қателерді тізіп берді. Бұл театрға ұлтшылдардың еніп кетуі. «Олар театрды өсірудің қамын іздемеді. Театрдың артистерін оқытпады, басқа жерлерден білімді маман қызметшілер іздемеді, «қазақ театрына қазақтың өзі де жетеді, оның жұмысына басқа кісілерді араластырудың қажеті жоқ» деп қарады. Мұндағы ойы – қазақ театрын өз алдына бөлектеп тастап, басқа елдердің театр өнерін жуытпау еді, театрды ұлтшылдық мақсатын іске асыру үшін құрал ету еді. Сахнада ылғи ұлтшылдық пікірмен жазылған пьесаларды қоюға тырысты, бірқатар уақытқа дейін бұл тілектерін іске асырып та отырды», - деп келтірілды мақалада. Театр төріне Елубай, Қалибек, Серке, Күләш, Қанабек, Манарбек, Мәлике сияқты талантты азаматтары келіп, өнерлерімен халықтың ықыласына бөленгендігін, алдағы уақытта да осы артистердің классикалық шығармалардан қойылған өнімдеріне жұрт куә болатындығын баса көрсетті (Қазақ әдебиеті,1937: №12).

Академиялық театрдың ішінен жау іздегендер, іріткі салушылар театрдың әр қойылымына аса назар аударып, кемшілік, қателік табуға тырысты. Театр артистерінің халық жауларымен арадағы байланысын анықтауға, әшкерелеуге күш салды. Халық жаулары, ұлтшыл-фашист Жүргенов, Қадырбаев, Тоғжановтар академиялық драма театрды, мемлекеттік музыка театрының көлеңкесі санап, болмаса ескерусіз, елеусіз ұстап, өсу жолына үлкен бөгет жасап, қырсықтарын тигізіп отырғандығын, театрдан совет жазушылары-драматургтерді алыстатып, театрды революцияға қарсы шығармамен шырмап, көркемдік, идея жағынан кейін кетіруге тырысқан пьесаларды қоюға күш салып отырғандары, актерлердің арасында зиянкестік әрекеттер жасап, адастырмаққа бет бұрғандары сыналды (Қазақ әдебиеті,1937: №54).

1934 жылы ұйымдастырылған Семей қалалық театрына бұрынғы Луначарский атындағы театр мүшелері жұмысқа алынған еді. Алайда бұл театрдың ұйымдастырушыларынан бастап, актерлеріне дейін «ұлтшылдықтары» үшін баспасөзде сынға ұшырады. «Лениншіл жас» газетіне жарияланған «Семей театры ұлтшыл Бековтың бөлтіріктерінен әбден тазартылсын» деген мақалада Валиахметов деген жаңа басшы ұлтшыл Шахан Мусинді жұмысқа алып, бұрынғы Төребаев, Мұхаметжанов, Есанжоловтарды актерліктен қуып, олардың орнына басқаларды алғандығын жазды. Сонымен қатар, Валиахметов кеткеннен кейін оның орнына келген Беков та театрды бүлдіргеннің үстіне бүлдіре түсті дейді. Мақалада театрға бұрынғы үстем тап өкілдерінің балаларын, алашордашыларды қабылдап отырғандығы келтірілді. Беков «халық жауы», «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «алашордашыл» деп айыпталды (Лениншіл жас,1937: №117)

**Қорытынды**

Кеңес үкіметінің солақай саясатының нәтижесінде ұлттық өнердің майталмандары жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Ұзақ уақыт «халық жауы» ретінде оларға жабылған айып есімдерін қалпына келтіруге мүмкіншілік бермеді. Баспасөз арқылы жалған айыптармен қуғындалған өнер иелері де біраз уақытқа дейін өздеріне жабылған жаладан құтыла алмады. Тек тәуелсіздігіміздің арқасында өшкен есімдер қайтадан ортамызға оралып, олардың қазақ мәдениетіне сіңірген еңбектері, қоғамға тигізген үлестері қалпына келтіріліп, бағалана бастады. Өнер саласында әлі де сол кездерде жалған фактілермен қараланып, ақталмай, өз бағасын ала алмай отырған өнер иелері, майталмандары бар.

## ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ


Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Қаңтар 1929 – шілде 1938 жж. Т.3. Кн.2. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 с.

Кәрімхан З. Жарық жұлдыз – Жұмат Шанин. // e-history.kz. – [Электрондық ресурс] – https://e-history.kz/kz/publications/view/1335

Кошенова Р.Н. Возвращенные имена: научное издание. – Алматы: Рауан, 1996. – 96 с.

Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 139-қ., 1-т., 550-іс. 19-п.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2406-іс. 46-54-пп.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 3840-іс. 197-199-пп.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 5817-іс. 17-п.

ҚР ПА. 708-қ., 1-т., 604-іс. 102-104-пп.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 10592-іс. 430-п.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 13587-іс. 37-п.

ҚР ПА. 708-қ., 1-т., 132-іс. 79-82-пп.

ҚұмароваШ. Шара қазақ биінің бастауында тұрды. // Әдебиет порталы. 07.03.2018 ж.

Майшекин М. Көркемөнер шеберлері. – Алматы: «Қазақ Мемлекеттік баспасы», 1959. – 140 б.

Мамраев Б.Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. – Алматы: Ғылым, 1998. – 262 с.

Мусин Ш. Өлең. Өмір. Өнер: Жарлары мен жазбалары: тар заманның тарланы Ш.Мусин туралы мақалалар, естеліктер, өлең-арнаулар. – Алматы: Арыс, 2000. – 254 б.

Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915 – 2005). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 520 б.

Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник докум. / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. – Алматы: Қазақстан, 1998. –336 с.

Сағымбеков Р. Қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шаниннің туғанына 100 жыл толуына. // Қарқаралы. – 1992. – № 7/8.

Семей театры ұлтшыл Бековтың бөлтіріктерінен әбден тазартылсын. // Лениншіл жас. – 1937. – 8 ағұст. – №117 (1381).

Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.

Шақымет. Академиялық театрдың актерлері. //Қазақ әдебиеті. – 1937. – 30 декабрь. – №54 (169).

Театр жастары көркемөнердегі зиянкестіктің зардабын жоюға жұмылулары керек // Лениншіл жас. – 1937, 8 ағұст. – №117 (1381).

Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында. Құжаттар жинағы. / Құраст. Оразбақов А.Ж., Ибраев У.С., Енсепов Б.Б. – Астана: Фолиант, 2014. – 160 б.

С.Т. Театрымыз өскен үстіне өсе түсу керек. //Қазақ әдебиеті. – 1937. – 8 март. – №12 (127).


## REFERENCES


Alash qozǵalysy. Quzhattar men materialdar zhinaǵy. Qaңtar 1929 – shilde 1938 zhzh. T.Z. Kn.2. – Almaty: El- shezhire, 2007.– 344s.

Qárimkhan Z. Zharyq zhúldyz – Zhýmat Shanin. // e-history.kz. https:– [Elektrondyқ recurc] – e-history.kz/kz/publications/view/1335

QR PA. 139-q., 1-t., 550-is. 19-p.

QR PA. 141-q., 1-t., 2406-is. 46-54-pp.

QR PA. 141-q., 1-t., 3840-is. 197-199-pp.

QR PA. 141-q., 1-t., 5817-is. 17-p.

QR PA. 707-q., 1-t., 604-is. 102-104-pp.

QR PA. 141-q., 1-t., 10592-is.430-p.

QR PA. 141-q., 1-t., 13587-is. 37-p.

QR PA. 708-q., 1-t., 132-is. 79-82-pp.

Qumarova Sh. Shara qazaq biinin bastauynda turdy. // Adebiet portaly. 07.03.2018 zh.

Maishekin M. Qòrkemòner sheberleri. – Almaty: «Qazaq Memlekettik baspasy», 1959. – 140b.
Núrpeyis B. Qazaq teatr rezhissurasynyņ qalyptasuy men damu kezeņderi (1915-2005). – Almaty: Dástýr, 2014. – 520 b.
Politicheskie repressii v Qazakhstane v 1937-1938 gg. Sbornik dokum. / Otv. Redaktor L.D. Degitaeva. – Almaty: Qazaqstan, 1998. – 336 s.
Saġymbekov R. Qazaqtyņ túņġysh rezhisseri Zhumat Shaninniņ tuġanyna 100 zhyl toluyna. // Qarqaraly. – 1992. – № 7/8.
Semei teatry últshyl Bekovtyņ bòltirikterinen ábden tazartylsyn. // Leninshil zhas. – 1937, 8 aġýst. – №117 (1381).
Smaġúlov S. Qazaq merzimdi baspasòzi: Shygu tarikhy men derektik maņyzy (XX ġ. 20-30 zhzh.). – Almaty: «Eltanym baspasy», 2011. – 432 b.
Shaqymet. Akademialyq teatrdyņ akterleri. // Qazaq ádebieti. – 1937, 30 dekabr'. – №54 (169).
Teatr zhastary kòrkemònerdegi ziyankestiktiņ zardabyn joyuġa zhúmylulary kerek. // Leninshil zhas. – 1937, 8 aġýst. – №117 (1381).
Temirbek Zhúrgenov – múraġat qúzhattarynda. Qúzhattar zhinaġy / Qúrast. Orazbaqov A.Zh., Ibraev U.S., Ensepov B.B. – Astana: Foliant, 2014. – 160 b.
S.T. Teatrymyz òsken ústine òse túsu kerek. // Qazaq ádebieti. – 1937. – 8 mart. – №12 (127).

## МАЗМҰНЫ

**Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.**
ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША..........5
**Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У.**
XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..........16
**Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.**
ШУ ӨҢІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕРДІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ (X-XII ғғ.)..........25
**Атығаев Н.Ә.**
ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚайТЫС БОЛҒАН УАҚЫТЫ МЕН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ ТУРАЛЫ..........41
**Ахантаева Ә.Ж.**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, АҢЫЗ- ӘПСАНАЛАР..........48
**Бахтыбаев М.М.**
Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ..........60
**Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т.**
ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР..........77
**Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.**
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА»..........89
**Джумагазиева А.Н.**
ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ..........103
**Жылгелді Ж.С.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында)..........115
**Жылқышыбаева Қ.Қ.**
ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ..........122
**Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Теміртханова Ә.С.**
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА..........136
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.**
ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау)..........147
**Ильясова К.М., Байманов А.А.**
СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛАМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ..........159
**Ильясова К.М.**
МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» қолжазбасын зерттеу жобасы негізінде)..........174
**Иманалиева Е.**
XVI Ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..........187
**Исмаилов С.С., Еришева А.А.**
ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ..........193
**Исова Л., Апсаттарова Г.**
ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ..........199
**Кәрібаев Б.Б., Нұртазина Н.Д.**
ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде)..........211
**Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ..........232
**Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.**
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР..........242

**Қартабаева Е.Т.**
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ…………………………………………………………………..…....253
**Қойгелдиев М.Қ.**
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН
ЖАТ ТӨҢКЕРІС……………………………………………………………………………………………...…..…265
**Мажибаева Ш.О.**
1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ………………………………………..…..273
**Мажиқызы Н.**
ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨҢДЕУ ӨНЕРІ…………………………………………………...……279
**Макашева К.Н., Шалкеева З.**
ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ:
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ………………………………………....…………...……286
**Мұхатова О.Х., Садвокасова З.Т.**
МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС……………………………………………………………..…….293
**Мұхитов Қ.**
ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ………………………………….……………...….307
**Мұхитов Қ.С.**
МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ…………………………………………………………..318
**Надырбеков Н.К.**
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ…….326
**Оспанғалиев Қ.Ә.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ
ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ……………………………………………………...…………………....340
**Раздыков С.З., Зайнов А.М.**
СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ
САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР…………………………………...……….……..350
**Рахбаев Қ.Қ.**
ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ)……………………………………………….363
**Садыкова А.М.**
КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ…371
**Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К.**
ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ТӘРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ……………………………………………………………………......….379
**Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР……………………………...…388
**Тайман С.Т., Сүгірбай М.**
СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР……………….....395
**Толамисов А.Ғ.**
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ……………..….417
**Төлебаев Т.Ә. , Әбікенова Г.Е.**
XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ
ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨҢДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ…....……………...425
**Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ
(XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы)……………………………………………...……………..……….437
**Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.**
ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ
ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ……………………………………………………………......……..452
**Шашаев Ә.Қ., Смагулов Б.Қ., Тылахметова А.С.**
ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ…..….....460
**Шілдебай С.Қ.**
СЕЙІТҚАЛИ МЕҢДЕШЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ…………………...…………………..…472

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.**
ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША..………..5
**Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У.**
ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА
ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ……………………………..………………..…..16
**Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С.**
СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.)…………………….........25
**Атыгаев Н.А.**
ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА………………...……………...41
**Ахантаева А.Ж.**
ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ…………….....48
**Бахтыбаев М.М.**
ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ…………………………………..…...60
**Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I………………..…….77
**Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.**
ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ»………………………………………………..……..89
**Джумагазиева А.Н.**
ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ………103
**Жылгелді Ж.С.**
ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА…………………...………..………115
**Жылкышыбаева К.К.**
ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ:
ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ……………………………………….……………….………….122
**Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С.**
ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА…………..……...136
**Ибраева А.Г., Темирханова А.С.**
СЕВЕРЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ)………………………..…..…….147
**Ильясова К.М., Байманов А.А.**
СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА…..….159
**Ильясова К.М.**
МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей
«Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном)……………...…174
**Иманалиева Е.**
ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ……....187
**Исмаилов С.С. , Еришева А.А.**
ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ….193
**Исова Л., Апсаттарова Г.**
ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ
ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ………………………………………………………………...….……..199
**Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д.**
ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных
нарративов и генеалогических мифов казахов)……………………………………………………………..……..211
**Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д.**
ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА……………………..…………………......232
**Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.**
ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ
В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ………………………………………………...……242
**Картабаева Е.Т.**
ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ……………………………………………………………..….....253
**Койгелдиев М.К.**
МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ………………..…...265
**Мажибаева Ш.О.**
МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ……………………………………..…..273

**Мажиқызы Н.**
ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ……………………………………………………..…..…279
**Макашева К.Н., Шалкеева З.**
ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ:
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА……………………………………….………………….….286
**Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т.**
ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ……………………………………………….……….….293
**Мухитов К.**
КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ…………………………………………..……..307
**Мухитов К.**
СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ……………………………………………...………...318
**Надырбеков Н.К.**
САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА………….326
**Оспангалиев К.А.**
О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО
СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ……………………………...……………………...…340
**Раздыков С.З., Зайнов А.М.**
САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИЙИ
В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ……………………….…………………350
**Рахбаев К.К.**
ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ)……………………...……..363
**Садыкова А.М.**
ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД
ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ…………………………………………………………………………...……....371
**Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К.**
ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА
ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ…………………………………………………..…...…379
**Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.**
АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ
XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ…………………………………………………………...................388
**Тайман С.Т., Сүгірбай М.**
ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР»…………………..……..395
**Толамисов А.Г.**
ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ»………………....................……..417
**Тулебаев Т.А., Абикенова Г.Е.**
ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО
СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX………………………...……425
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.**
ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ
(вторая половина XVIII - начало XIX вв.)…………………………………………………………………....…....437
**Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ
КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ……………………………………………………...……452
**Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С.**
НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ…...460
**Шилдебай С.К.**
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА……………………………………………………………………..………..………472

## CONTENTS

**Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M.**
INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA
RESHID PASHA……………………………………………………………………………….…………..5
**Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U.**
PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE
LATE XIX - EARLY XX CENTURIES……………………..……………………………………………………16
**Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S.**
THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.)……………………..…..……..25
**Atygayev N.A.**
ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN………………..….41
**Akhantaeva A.Zh.**
THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDSRELATED TO AGRICULTURE………………………...48
**Bakhtybaev M.M.**
N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE…………....60
**Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT……………………………………77
**Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M.**
OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD"……………………………………….89
**Jumagaziyeva A.N.**
POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN…………………………..……….…103
**Zhylgeldi Zh.S.**
SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY……….………...115
**Zhylkyshybayeva K.K.**
VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE:
A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS…………………………………………………….……….122
**Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S.**
RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV………………….136
**Ibraeva A.G. , Temirkhanova A.S.**
NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis)…………………….....…147
**Ilyassova K.M., Baimanov A.A.**
VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH
OF BECOMING AS A MUSICIAN……………………………………………………………...……………..159
**Ilyassova K.M.**
A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects
«Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken)………………….174
**Imanalieva E.**
GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN
THE XVI CENTURY…………………………………………………………………………..…………..187
**Ismailov S. S., Yerisheva A.A.**
HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION
AND THE FIRST OIL FIELDS……………………………………………………………………………....193
**Isova L., Apsattarova G.**
RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK
OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES……………………………………………………...……199
**Karibayev B.B., Nurtazina N.D.**
HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and
genealogical myths of Kazakhs)……………………………………………………………………...…….211
**Kuldybaev E., Sarkulova S.**
THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S……………………………………………………...232
**Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S.**
SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES…………….…..242
**Kartabayeva E.T.**
SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM……………………………………………………………..…253
**Koigeldiyev M.**
MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US……..….265

**Mazhibayeva Sh.O.**
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933…………………………………………………….....273
**Mazhikyzy N.**
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS……………………………………………………..279
**Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.**
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN
AREAS OF COOPERATION…………………………………………………………………………………..….286
**Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.**
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU…………………………………………………………….……293
**Mukhitov K.**
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE………………………………………………………307
**Mukhitov K.**
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY………………………………………………………..…318
**Nadyrbekov N.K.**
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN…………………………………...…326
**Ospangaliev K.A.**
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING
MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION…………………………………………………………..….340
**Razdykov S.Z., Zainov A.M.**
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT
AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES……………………………………………………………………...……....350
**Rakhbayev K.K.**
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES)…………………………………………363
**Sadykova A.M.**
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION
DURING WORLD WAR II……………………………………………………………………………………………..371
**Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.**
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL
ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION…………………………………….…………379
**Syzdykova A., Moldakimova A.**
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE
80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS……………………………………………..….388
**Taiman S.T., Sugurbay M.**
HISTORICAL SOURES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR»………………………….395
**Tolamissov A.G.**
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS»…………………..417
**Tulebaev T.A., Abikenova G.E.**
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL
RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECONDHALF
OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES…………………………………………………………………….……425
**Uzhkenov E.M., Shotanova G.A**.
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES
(second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries)………………………………………………………..437
**Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.**
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID
STATE AND THE OGHUZES………………………………………………………………………………………....452
**Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.**
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN
KAZAKHSTAN AND RUSSIA……………..………………………………………………………………......…460
**Shildebay S.**
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV…………………………...…….472

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй